

«Болашақ» мектебі мекемесінің «Ағылшын тілі» пәні бірлестігінің 2021-2022 оқу жылына есебі

Ағылшын тілі пәнінің әдістемелік бірлестігінің құрамында 14 мұғалім қызмет атқарады. Бірлестік жетекшісі — сарапшы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ермекбаева Айдын. Бірлестік пән мұғалімдерінің күнтізбелік жоспары әдістемелік бірлестікте қаралып, мектеп директоры бекіткен. Пән бойынша бағдарламалық бірлестіктер күнтізбелік жоспар негізінде жүргізілген. Бірлестіктің жылдар бойынша жинақтама папкасы бар. Папкада әдістемелік бірлестік туралы ереже, әрбір оқу жылына міндеттері көрсетілген. Өзекті тақырыптары жазылып, пәндер бірлестігінің жұмыс жоспары, отырыстары бекітілген. Сонымен қатар пән бірлестігі мұғалімдерінің аттестациядан және білім жетілдіру курсынан өту кестесі бар. Жаңа ақпараттық технология арқылы оқушылардың өзге тілін үйренуге деген ынта-ықыласын арттыру. Ағылшын тілі пәнінің әдістемелік бірлестігінің өзекті тақырыбы: «Білім беруді жаңарту аясында арттыру және жан-жақты дамыған, сыни көзқарасы қалыптасқан тұлға қалыптастыру»

Әдістемелік бірлестіктің 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстары алдына қойған мақсаттардың орындалуына бағытталды, олар:

1. Ағылшын тілі пәнін оқытуда мемлекеттік стандарттардың орындалуын қамтамасыз ету.
2. Ағылшын тілі пәнін оқытуда жаңа әдістемелік технологияларды, интерактивті оқыту методикасын басшылыққа алу.
3. Оқушыларды деңгейлеп оқыту жұмыстарын жалғастыру.
4. Оқушылардың білім деңгейлерін бақылау мониторингтерін жүргізу.
5. Дарынды оқушылармен жұмысты жалғастыру, оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми-ізденушілік конференцияларға даярлау.
6. Мотивациясы төмен оқушылармен жұмысты жандандыру.
7. Методикалық оқу құралдарын, тесттер құрастыру.

Алдыға қойылған мақсаттар барлық бағытта орындалды.

Ағылшын тілі пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар мемлекеттік бағдарламаға сай құрылды, оқушылардың жұмыс дәптерлері уақытылы тексеріліп отырды, мотивациясы төмен оқушылармен жұмыстардың жүргізілуі қанағаттанарлық, оқушылардың білім деңгейлерін бақылау мониторингтері жасалды, әдістемелік бірлестік мұғалімдері өз білімін көтеру жұмыстарын жалғастырды, мұғалімдер ашық сабақтар өткізді, оқушыларды мемлекеттік емтиханға, ҰБТ-ға даярлау жұмыстары жүргізілді.



25.04-06.05.2022 жж аралығында «English around the world» тақырыбында онкүндік өткізілді. Онкүндікте өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар және мектепшілік сайыстар өз уақыттарында өткізіліп отырды. Пән мұғалімдерінің сабақтарына мектеп директоры А.Сарсенбаева, директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Асубаева, Әдістемелік бірлестік жетекшісі А.Ермекбаева еніп отырды. Әрбір мұғалімге сабақтан кейін кері байланыс беріліп, сабақ барысындағы жақсы тұстары мақталып, қалыс қалған тұстарына ескерту беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Күнделікті бірлестік мұғалімдері бас қосып, әр сабақ талқыланып отырылды. Онкүндік мұғалімдердің шыңдалуына үлкен үлесін қосты. Мұғалімдер тек ашық сабақтармен шектелмей, сыныптан тыс іс-шаралар, атап айтқанда интеллектуалды сайыстар, викториналық ойындар, талантты балаларға арналған байқаулар өткізіліп, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруда жұмыстар жүргізілді.

Әр мұғалім дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құрып, сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді.

Әр мұғалім дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құрып, сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді. Атап айтсақ, жалпы білім беретін пәндер бойынша 2-7 сынып оқушыларына арналған Зерде Республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсының қалалық кезеңінде көрсеткен ерекше жетістігі үшін марапатталды

-Мият Аслан 4 «Ғ» сынып ,ерекше жетістігі үшін Грамота

-Мұстафа Ақмерей 4 «Ә» сынып ,ерекше жетістігі үшін Грамота

-Абылова Мерей 4 «Ә» сынып ,ерекше жетістігі үшін Грамота

-Бактиярова Жания 4 «В» сынып ,ерекше жетістігі үшін 2 дәрежелі Диплом

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Турсунбекова Жанар Умирзаковнаның жетекшілігімен мектеп дебат мүшелері бірнеше орындарға ие болды.

-I дәрежелі диплом Остемір Бағдаулет, Юнисалиев Ақбар

-Диплам Үздік спикер Амангелді Аружан

-I дәрежелі диплом Justice фракциясы

«Бәйтерек» жалпы білім беретін пәндердің қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша ағылшын тілі пәнінен республикалық олимпиадаға қатысып, мақтау қағаздарына ие болды.

-I дәрежелі диплом Машраб Нұртас 5 «Ә» сынып

-I дәрежелі диплом Ажибек Жумадил 5 «Ә» сынып

«Алтын қыран – ерекше дарын иесі» жалпы білім беретін пәндердің қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша ағылшын тілі пәнінен республикалық олимпиадаға қатысып, мақтау қағаздарына ие болды.

-III дәрежелі диплом Әмір Асқар 4 сынып

-III дәрежелі диплом Тогузов Азамат 4 сынып

-II дәрежелі диплом Жумабек Нурай 4 сынып

-II дәрежелі диплом Кален Назерке 4 сынып

Әдістемелік бірлестіктің 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстары «жақсы» деп бағаланды.

Ұсыныстар:

1. Оқушылардың білім деңгейіндегі кемшіліктерді жою.
2. Мотивациясы төмен оқушылармен жұмысты күшейту.
3. Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру.
4. Пән мұғалімдері мотивациясы төмен оқушыларға арнап тесттер мен тапсырмалар жинағын шығарып, тығыз жұмыс жасалыну.

ӘБ жетекшісі:

Ермекбаева А.А